

# QAZAQ



№29 (1738)  
10 қыркүйек  
2019 жыл

# YUNIVERSITETI

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity)

[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)

[instagram.com/KAZNU\\_FARABI](https://instagram.com/KAZNU_FARABI)

## УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЖАҢАНДЫҚ САММИТІ

Тұңғыш Президент – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың басты шарттарының бірі «Білім – болашақ жетістіктің ең іргелі факторы» деген түсінік екенін атап өтті. Университеттер адами капиталды қалыптастырудың маңызды субъектілері ретінде рухани-адамгершілік тәрбиеге баса назар аудара отырып, озық технологиялар негізінде білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етуі тиіс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Inverse Problems in Finance, Economics and Life Sciences» халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Іс-шараны ұйымдастырушылар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ.

## ҚАРЖЫЛЫҚ БІЛІМ БАҒДАРЫ

Оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан және басқа елдерден 90-нан астам ғалымдар қатысты, олар экономика және қаржы саласындағы кері және дұрыс емес міндеттерді шешуде перспективалық бағыттар бойынша қызықты баяндамалар мен зерттеу нәтижелерін ұсынды.

Конференцияны өткізу жаратылыстану саласындағы кері және дұрыс емес міндеттер саласында жұмыс істейтін танымал ғалымдар мен жас зерттеушілерді біріктіруге және тәжірибе алмасуға, сондай-ақ бірлескен ғылыми қызмет пен жобалардың нәтижелерін талқылауға бағытталған.

Кері және қате есептер көптеген салаларда пайда болады. Бұл конференция экономика, қаржы және басқа салалар мәселелерін шешу үшін кері және қисынсыз міндеттердің теориялық және сандық аспектілеріне назар аударды.

Іс-шара барысында белгілі қазақстандық ғалым, ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановтың қытай тіліндегі «Экономикалық жоспарлау, басқару және бюджеттеудің математикалық әдістері мен модельдері» атты монографиясының тұсаукесері өтті. Кітап Жэньминь университеті жанындағы ҚХР жетекші баспасынан басылып шығып, әлемдегі ең ірі Пекин халықаралық кітап көрмесінде таныстырылды.

Бұған дейін ол әлемдегі ең ірі «Springer Nature» баспасында жарық көрген және ең сұранысқа ие кітаптар қатарына кірген. Бұл монография экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэш пен басқа да белгілі шетелдік ғалымдардың жоғары бағасын алды. Сонымен қатар, ол «Web of Science Core Collection» жетекші ғылыми жарияланымдарының беделді халықаралық базасына енгізілді.

Ғылыми жұмыс экономика, қаржы және бюджеттеу саласы үшін зерттеудің өзектілігін, әмбебаптығын және қолданбалы сипаты көтерілген конференцияға қатысушылар мен мамандар арасында қызығушылық тудырды.

Өз тілшімізден



жалғыз болып әлемнің үздік ЖОО-ларының қатарына еніп, 207 орынға ие болды.

ҚазҰУ әлемнің 130-дан астам жетекші жоғары оқу орындарын біріктіретін Жібек жолы университеттері Альянсының тең құрылтайшысы бола отырып, бірқатар ірі жобаларды іске асыруда, оның ішінде халықаралық IT-технопаркін құру бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Сондықтан ҚазҰУ-да осы беделді халықаралық ұйымның Бас Ассамблеясының отырысын өткізу заңды. Форумда жоғары білім беру саласындағы коллаборация мен интеграция, бірлескен ғылыми-білім беру және мәдени-гуманитарлық жобаларды жүзеге асыру және өзара іс-қимылдың басқа да бағыттары талқыланады.

БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының Тұрақты даму бойынша Жаһандық Хабын қатарынан үшінші рет басқарып отырған ҚазҰУ жаңа буын ЖОО-ның Университет 4.0 моделін әзірледі. Ол «al-Farabi University Smart City» тұжырымдамасының негізінде жүзеге асырылуда, ал оның темірқазығы Ұлы ойшыл әл-Фарабидің идеялары болып, жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделеді.

Жалғасы 2-бетте

Әлемдік маңызы бар ауқымды іс-шаралар 18-19 қыркүйекте Қазақстанда – еліміздің жетекші жоғары оқу орны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтеді. Олар ең алдымен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарын іске асыруға, отандық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және білім беру қызметтерін экспорттауға бағытталған.

Әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіндегі ҚазҰУ-дың рөлі мен рейтингтегі феноменалды серпілісін ескере отырып, QS Қазақстан университетінде «Адами мұра және жоғары технологиялар үйлесімі негізінде жетілу» тақырыбында QS World Wide халықаралық форумын өткізуді шешті. Аталған форум ғылым мен жоғары білім беру саласындағы озық тәжірибелермен алмасу және тарату бойынша әлемдегі бірегей және ірі платформа болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қойған маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру бойынша мақсатты түрде жұмыс істеуде. Биыл ҚазҰУ «World University Rankings» QS дүниежүзілік танылған және беделді халықаралық рейтингте Орталық Азия жоғары оқу орындары арасынан

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ БЕЛГІСІ



2-бет

МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА



3-бет

ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТА



6-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

Әлемдік трендтерге жауап беретін университеттерді дамытудың перспективті моделі БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтеріндегі Өркениеттер Альянсының форумында айтылып, оны халықаралық деңгейде кең тарату ұсынылды. Модельдің маңызды құрамдас бөлігі ЖОО-ның қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. ҚазҰУ-дың инновациялық тәжірибесін ескере отырып, әлеуметтік жауапкершілігі бар университеттердің Бүкіләлемдік желісі (University Social Responsibility Network) арнайы Work shop жүргізеді. USRN әр түрлі континенттердің әлеуметтік жауапкершілігін жүктеген көшбасшы университеттерді біріктіреді. ҚазҰУ-Манчестер, Кембридж, Пекин, Вашингтон, Сан-Паулу сияқты т.б. танымал университеттермен қатар ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасында аталмыш беделді ұйымның мүшелігіне кіріп отырған жалғыз университет болып табылады.

Сондай-ақ, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Қоры, ҚазҰУ және G-Global Халықаралық Хатшылығы ұйымдас-тырған «Тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы жастардың рөлі-2030» жаһандық конгресі маңызды іс-шара болмақ.

Жоғары халықаралық деңгейдегі іс-шаралар барлық континенттерден 400-ден астам алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының басшыларын, мемлекеттік

## УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЖАҒАНДЫҚ САММИТІ



құрылымдар мен бизнес өкілдерін, белгілі ғалымдарды, сарапшылар мен академиялық топтар көшбасшыларын жинайтынын атап өткен жөн. Олар білім, ғылым, озық технологиялар мен рухани құндылықтарды интеграциялау аясында Университеттердің болашақ дамуының жаңа моделін талқылауға және әзірлеуге қатысады. Форумдар бағдарламасы өте мазмұнды, мұнда пленарлық отырыстар, панельдік пікірталастар, іскерлік

кездесулер мен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының жетістіктері көрмесі өтеді.

Әлемдік ауқымдағы іс-шараларды өткізу Қазақстанның өсіп келе жатқан беделін растап, еліміздегі жоғары білім берудің серпінді дамуына және осы маңызды салаға инвестициялар тартуға сөзсіз ықпал ететін болады.

**Баспасөз қызметі**

### РЕКТОРАТ

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШУ

**Ректорат мәжілісінде алдағы өтетін QS World Wide – 2019 форумына дайындық іс-шаралары пысықталып, нақты белгіленген жоспармен бірінші проректор М. Бүркітбаев таныстырды.**

Барлық конференция «Әл-Фараби» кітапханасының 4-қабатында, ал секциялық отырыстар 3-қабатта өтеді. ҚазҰУ қалашығы ішінде керекті мекен-жайға жету үшін шетелдік қонақтарға арналған белгі, көрсеткіштер орнатылады. Ал, форумға ағылшын тілін жетік меңгерген еріктілер тобы бірдей киіммен киініп, кез келген жағдайда көмекке дайын болады деді өз баяндамасында М. Бүркітбаев. Форум жұмысына қатысықыс келген оқытушы-профессорлық құрам сабақтан тыс уақытта келіп, қызықтырған тақырыптары бойынша, шетелдік сарапшылармен, қонақтармен пікір алмасу алаңында өз көкейлеріндегі сауалдарына жауап алу мүмкіндігі бар.

Келесі қаралған тақырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың іс-шаралар жоспары туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаеваның хабарламасы болды. Қоғаммен кері байланыс орнату мақсатында алдағы уақытта кез келген студент ректордың виртуалды қабылдауына жазылып, өзінің аты-жөнін толық жазып, өтініші немесе ұсыныстарын жаза алады. Сонымен қатар, университет әкімшілігіне де айтар тілек, өтініштерін мобильді қосымша арқылы жібере алады.

Алматы қаласы әкімдігі, кәсіпкерлер палатасы және ҚазҰУ бірлесіп, кәсіпкерлік туралы арнайы курстар өткізеді. Курс соңында студент сертификатқа қол жеткізіп, сол арқылы жеңілдетілген несие алып, өз кәсібін бастай алады. Оқу орнын тәмамдаған тұста, дипломмен өз кәсібін қатар алып шыққан маман, өзге де қатарластарын жұмыспен қамти алатын болады. Бұл өте тиімді әрі берері көп бастама, егер жоба сәтті іске асып, өз мамандықтарымен кәсіпке бейімделген кезде қоғамда жұмыссыздық саны азаяды.

**Е. АҚЖІПТ**

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ БЕЛГІСІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Асқар Хикметов пен Конджу Ұлттық университетінің президенті Сунг Су Вон мырзамен өткен іскерлік кездесу аясында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.**



ҚазҰУ бүгінгі таңда Оңтүстік Кореяның 55 университетімен және ұйымдарымен тікелей серіктестік қарым-қатынас орнатты, олармен 64-тен астам екіжақты келісімге қол қойылды. Атап айтар болсақ, ынтымақтастық бағыттары кең спектрден тұрады: студенттер мен оқытушы профессорлар құрамымен алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, профессорларды шақыру, PhD докторанттарға қол жеткізуді жүзеге асыру. Мысалы, соңғы үш жылда корейтану кафедрасының 80-нен астам студенті Кореяның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында тілдік тағылымдамадан өтті.

Университетте Халықаралық корейтану орталығы табысты жұмыс істейді, оның мақсаты корейтану ғалымдары мен оқытушылары, ғылыми қызметкерлері, докторанттар мен студенттері Кореяның тарихын, мәдениетін, саясатын, экономикасын және корей тілін кешенді зерттеу үшін күш-жігерін біріктіру және үйлестіру болып табылады.

Сонымен қатар жыл сайын ынтымақтастық туралы меморандум аясында Кангам Северанс клиникасының дәрігерлері ҚазҰУ базасындағы "Smart Health" диагностикалық орталығының емделушілерін тегін диагностикалық қызметтер мен емдеу үшін волонтерлік бағдарламамен келеді. Және де "POSCO TJ PARK Foundation" қорының бағдарламасы аясында Азияның 10 еліндегі 12 университетінің ең үздік студенттеріне, 20-ға жуық шәкіртақы беріледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жыл сайын аталған шәкіртақының иегері болып келеді.

Конджу Ұлттық университетінің президенті Сунг Су Вон мырза университет басшылығына өз алғысын білдіріп, алдағы уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға ниетті екенін жеткізді.

Аталмыш кездесуде тараптар қандай бағыттар бойынша жұмыс жасау керектігін жан-жақты талқылап, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

**Баспасөз қызметі**

### QYSQA-NUSQA

**Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстанның Paғыosh комитеті, стýдент жастарға арналған "Ekологиялық қауыпсыздық" (tehnogendik және tabиғы shyғы tegи)"тақырыбында seminar-dárisin uymdastyрdy.**

Аталмыш іс-шараның жұмысына Қазақстандағы Paғыosh комитетінің мүшелері, стýдент жастар, himия-және himиялық технологиялар факýльтетінің ғалымдары, сонымен қатар ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің зерттеу және талдайдын физика-hимиялық áдистері орталығы жұмысшылары қатысты.

Seminar-кеñес аясында ekологиялық қауыпсыздық саласындағы жетекші ғалымдардың баиандамалары усынды. Mihail Naýрызbaev Қазақстандағы Paғыosh комитеті мүшесі, т.ғ.д., академик, професор, Paғыoshтағы (Kanada) Rassel-Einshtein Manifest rezolúciasyna сáikes "Ғалымдардың Paғыosh qozғалысы (ҒPQ)" - 1957 жылы пайда болған ғалымдардың hалықаралық qozғалысы тақырыбы бойынша QR Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сонымен қатар 2017 жылы KazNAEN Prezидýмы jанында Қазақстандағы Paғыosh комитетінің (QPK) quryлы тарихы, Komitet жұмысының mindetteri және jospary týралы сөз qozғады, және jas ғалымдарды byл QPK қатысында Қазақстанның Paғыosh комитеті Jastар бóлимини белсенді мүшелері болыға шақырды. Bolat Kenesov h.ғ.к., професор, зерттеу және талдайдын физика-hимиялық áдистері орталығының директоры, баиандама тақырыбы: «Almatynyң ekологиялық máseleleri» Varvara Makarova "Iadroлық физика институты" RMK keshendi ekологиялық зерттеулер орталығының Инженерлік ekология zerthanасының меңгерýshisi», баиандама тақырыбы: Radioekologia oblyсындағы "Iadroлық физика институты" RMK qызmeti Seit Aliev Қазақстан iadroлық qoғамының Atom energiasy jónindegi aqparattyқ орталығының директоры, Sáken Seifýllin атындағы QazATÝ ekologia kafedрасының аға оқытýshысы kezdesýdi qorytyндылады.

\*\*\*

**Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Nazarbaev Ýниверситеті, «National Laboratory Astana» JM және «Акýмýлатóр институты» JSHS-нің бiрлесe uymdastyрýмен «Nanomaterialдар мен damыған energia сақтау жýелері» бойынша jetinshi hалықаралық konferensia ótti.**

Sharada Túrkia, Birikken Arab Ámirlikteri, Japonia, Oñtústik Koreia, Qytai, Resei, Ulybritania, Fransa, Kanada syndy alyс jaqын shetelden jinalған ғалымдар búgingi kúндеgi materialтанý, nanotehnologia, ekologia, jañартылатын energia kóздері мен energia сақтау жýелері саласындағы негизгі máseleлерге máн берip, óz oilaryмен бóлiсýде. Сондаi-aq jынға қатысýshылар inovasiyalық nanomaterialдар; energiany сақтаудың және konversialаудың movasiyalық жýелері; elektrohimиялық dachиктер мен elektroanalitикалық qosымshаларға арналған materialдар; batareialардың қауыпсыздығы мен joylýы; elektr kóлиги мен тұрақты energiany сақтауға арналған batareialарды jasaу; materialтанý және energiany konversialау жýелеріндегі modelдеуі quralдары syndy тақырыптарды талқыға салып, óзара tájiribe алмасыда. Atalмыш INESS konferensiasy elimizde 2013 жылдан beri dáстúрli түрде ótip kele jatyr.

\*\*\*

**ҚазҰУ-да стýденттік qalashықтың аймағын abattandyрý жұмыстары jalғасыда. Bul жұмыстарды атқару бaryсында onsegiz мың sharшы metr joldың asfáлы jañартылып, eki мың sharшы metr jaiау júrginshilerге арналған jol aiaқ trotýarлары түрli-tústi brýсhatkamen тóсeldi. Byлғы жылы jasyл jeleктерdi отырғызýға және gúлzarларды бóлыге kóp kónil бóлиди. Landshaftық dizан бойынша jumystар 97 пайызға aiaqtaldy.**

Qyrkúiek айында óтетin QS hалықаралық forýmyna дайындық аясында «Ал-Фараби» kitaphanasында техникалық qural-jabdyqtарды jañарту жұмыстары júrgizildi. Ýниверситет аймағындағы landshaftық жұмыстар және «Аквaпоника»-сы-saiabaқ аймағындағы қуылыстың екінші kezeин óндirisтик qamtamasыз etу department аiaqtaldy. Сондаi-aq birqатар ғұмарattарды dekorativtik қаптау júrgizilip, tehnologiaлық park аймағында balamaly energetika жýесiniн shemalary пайда boldy. Jaqын арада стýденттік qalashықта laitboks орнату және aqparattyқ tasымалдайshыларды jañарту jospарlanýда.

**Студенты и преподаватели факультета истории, археологии и этнологии приняли участие в форуме «Алтай – золотая колыбель тюркского мира»**

AL-FARABI-1150 LET

# В ИОРДАНИИ ОТКРОЕТСЯ ДОМ АЛЬ-ФАРАБИ

Продолжение. Начало на 2 стр.



**В Аммане (Иордания) откроют Дом аль-Фараби. Об этом была достигнута договоренность в ходе встречи проректора по интернационализации и коммерциализации КазНУ им. аль-Фараби Мехмета Арслана с президентом Иорданского государственного университета Абдель-Каримом аль-Кудахом.**

Дом аль-Фараби будет работать как научно-образовательный и культурный центр Казахстана. Во время встречи стороны пришли к обоюдному мнению, что его открытие будет способствовать не только сближению университетов, но и внесет реальный вклад в укрепление сотрудничества Казахстана и Иордании.

Соб. корр.

АБАЙ-175 ЖЫЛ



## АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАУ

**Қазақстан астанасы Нұр-Сұлтан қаласында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.**

Отырысты ашқан ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызды бағыттарын атап, бұл орайда, мерейтойлық іс-шаралар Абайдың рухани мұрасын сақтауға, зерделеуге және насихаттауға бағытталуы тиіс, – деп атады.

Мәдениет және спорт министрі Ақтоғы Райымқұлова, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Аймағамбетов, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов, Ұлттық аударма бюросының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы сөз сөйледі.

Қатысушылар Абай шығармалары ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз, неміс, түрік, жапон және италиян тілдерінде ғана аударылып, басылып қоймай, түркі тілдес халықтар тілдерінде де аударып, шығаруды жоспарлап отыр. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы және қазақ әдебиеті мен мәдениетінде рөлі жайлы деректі фильмдер тусіріледі.

Маңызды шаралардың бірі ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде Қазақстанның үздік шығармашылық ұжымдарының Гала-концерті және танымал абайтанушы ғалымдардың қатысуымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу.

Абай шығармаларын насихаттауда білім жүйесі белсенді түрде қатысады. Абай шығармашылығын үздік білуге арналған оқушылар арасындағы жалпыреспубликалық олимпиаданың жеңімпаздары мен лауреаттарына Л.Гумилев атындағы ЕҰУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқу үшін 50 білім гранты тағайындалатын болады. Олар елордада өтетін «Абай Балы» салтанатына қатысады. Сонымен бірге республиканың барлық оқушыларына арналып Абай ізімен – «Абай жеріне саяхат» және т.б. экскурсиялық турлар жоспарлануда. Еліміздің барлық білім ордаларында Абай шығармаларын үздік білу мен оның шығармаларын орындау бойынша әртүрлі форматтағы «Абай оқулары» жоспарланған.

Мерейтой аясында «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені мен Абайдың музей үйін, «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын реставрациялау жоспарланған.

2019 жылдың 1 қазанына дейін барлық ұсыныстар Абайдың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның қарауына жіберіліп, жалпыреспубликалық жоспар жобасына енгізілуі керек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

**Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.**

## МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА



асуда және жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделген. Университет 4.0 үлгісі БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Штаб-пәтерінде көрсетілді, онда үлгіні халықаралық деңгейде тарату ұсынылды. Бұл ҚазҰУ-дың 12 шетел университетінде ашқан халықаралық әл-Фараби орталықтары желісінің негізіне айналды. Сонымен бірге Ыстамбұл және Делиде әл-Фараби мұражай-үйі ашылды. ҚазҰУ БҰҰ өркениеттер Альянсымен бірлесіп «Қайырымды қоғам құру. Заманауи университеттер миссиясы» жобасын жүзеге асыруда.

Мемлекеттік хатшының қатысуымен өткен отырыста академик, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі өзінің бірнеше ұсыныстарын жеткізді. Атап айтар болсақ, әл-Фарабиді Қазақстанның тумасы ретінде нықтау үшін аталмыш форумды жыл сайын өткізу, Ғалымның еңбектерін аудару және басуды әрі қарай ұйымдастыру мақсатында бұл жұмысты «Әл-Фараби ізімен» республикалық ғылыми-зерттеу экспедициясы аясында жалғастыру, ҚазҰУ-дың әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай Голландия және

Түркия медиакомпанияларымен бірлесіп, ғалым жайлы дайындаған көркем фильмдер циклін көп реттік көрсету мен авторлық құқықты сатып алу сияқты ұсыныстар айтылды.

«Әл-Фарабидің әділетті және адамгершілік қоғам туралы идеясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мықты және жауапты адамдардан тұратын Ұлт қалыптастыру туралы негізгі жолдауымен үндес», – дейді ректор Ғалым Мұтанов. Осы ретте ол Қазақстанда ізгілікті әлеуметтік ортаны қалыптастыру және нығайту үшін еліміздің барлық азаматтары мен ұйымдарын қоғамға қайырымды істер жасауға тартуға бағытталған «Қайырымды Қазақстан» республикалық жобасын жүзеге асыруға шақырды.

Еліміздің бірнеше оқу орындарында танымал отандық және шетелдік ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен сарапшылардың қатысуымен халықаралық конференциялар және симпозиумдар, семинарлар мен дәрістер өткізу жоспарлануда. Барлық шаралар Ұлы философ және ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын насихаттап, кеңінен таратуға бағытталған.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

## ДОВЕРИЕ – УНИВЕРСАЛЬНЫЙ КЛЮЧ К ПРОЦВЕТАНИЮ СТРАНЫ



повышение активности неправительственных организаций, обеспечение прав и безопасности граждан. Откровенно обрадовало, что Глава государства поставил конкретную задачу разрешить, наконец, парадокс Закона РК «О государственных закупках», в котором изначально просматривается коррупционный компонента, а также обновить подходы к Пенсионной политике и механизмам использования Пенсионного фонда.

Особое место в Послании занимают меры по налоговому стимулированию малого бизнеса, государственной поддержке АПК и национального бизнеса на международных рынках, эффективному использованию Национального фонда, как фонда, предназначенного для будущих поколений страны. Все они, безусловно, несут в себе долгосрочный положительный социально-экономический эффект.

В Послании Главы государства нашли отражение и такие злободневные проблемы простых граждан Казахстана, как доступность жилья, качественного образования и медицинских услуг. Вместе с тем, руководство страны ясно дает понять, что и гражданам надо отказаться от укорененных в сознании патерналистских установок и иждивенчества, поскольку социальная помощь будет оказываться только наиболее социально уязвимым слоям населения: многодетным семьям, сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, людям с особыми потребностями.

Преподаватели Казахского национального университета им. аль-Фараби с воодушевлением восприняли предложение Президента РК об обновлении принципов финансирования научных исследований с точки зрения их качества и результативности, поскольку именно данный критерий заложен в основу ведущих мировых рейтингов лидеров образования, согласно которым КазНУ им. аль-Фараби уверенно движется вверх. Поддержка талантливых ученых, генерирующих новые знания, не только основа роста конкурентоспособности страны, но и ее национальный бренд в мировом пространстве.

**Римма САГИЕВА,**  
доктор экономических наук,  
профессор, декан ВШЭиБ

**Согласно исследованиям американского философа Фрэнсиса Фукуямы, в основе процветания большинства стран – мировых лидеров лежит доверие народа к государству, его законам, правосудию и управлению. Иначе говоря, нельзя ожидать экономического развития Казахстана без соответствующей социально-политической модернизации жизни страны, без увеличения доверия граждан страны ко всем ветвям власти, на государственном и местном уровнях. Именно данный фундаментальный принцип стал главным лейтмотивом нового Послания Президента РК Касым-Жомарта Токаева «Конструктивный общественный диалог – основа стабильного процветания страны».**

Только «слышащее» своих граждан эффективное государство может последовательно и реально решать все назревшие проблемы. То, что настала пора от декларативных слов переходить к делу, стало понятно, когда были подняты наиболее «горячие» темы, широко обсуждающиеся населением страны как в социальных сетях, так и в СМИ. Это и реформа правоохранительных органов, совершенствование законодательства, развитие основ многопартийности,

## Заманауи мемлекеттің ҰСТАНЫМДАРЫ

**Қазақстан Республикасының президенті Қ.К. Тоқаевтың биылғы жолдауы республика азаматтарына ой салатын нақты іс-қимылға шақырған үндеу деп білемін.**



Рас, тәуелсіздік алғалы өткен ширек ғасырдың ішінде біз тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға мүмкіндік алдық. Бейбітшілік пен келісімге сүйенген бұл кезең бүкіл әлем мойындап, «қазақстандық даму моделі» деген атпен белгілі болды.

Ендігі мақсат қол жеткен жетістіктерді еселеп, дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығу болып отыр. Осы орайда мені азамат және тарихшы ретінде Президенттің «Заманауи тиімді мемлекет» туралы ой толғауы қатты ойландырды.

Ең бастысы мемлекеттегі өзгерістер ешқандай секіріссіз, халықтың және мемлекеттің мүддесімен байланыстыра отырып жүретіні көңілге қонымды болды. Өйткені ХХ ғасыр қазақ халқы үшін бір опа-қайыр әкелмеген «эксперименттер» заманы болды. Халықаралық тәжірибеде де жүйесіз желөкпелеп жүргізілген саяси реформалар да ішкі саяси дағдарысқа, тіпті мемлекеттіліктің жоғалуына әкелетінін көрсетті. Алысқа бармайақ қояйық. 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық революциясы мен 1985 жылғы М. Горбачевтің жүргізген «қайта құру саясатын» еске алайықшы. Бұл екеуі де басталған саяси өзгерістердің арты неге апаратынын болжай алмай мемлекетті жүйелік дағдарысқа ұшыратып мемлекеттің күйреуіне алып келген жоқ па?!

Бұл жерде Президент Қ.К. Тоқаевтың жасаған тағы бір басты, тұғырлы ұстанымы кең қолдау табатыны сөзсіз. Бұл – ел ішінде қоғамдық-саяси өмірдегі жаңғырусыз экономикадағы сәтті реформаларға қол жеткізу мүмкін еместігі туралы ойы.

Ең басты міндет – халық мұқтажымен айналысатын, оны тез арада шеше білетін «Есті мемлекет» ұстанымын өмірге әкелу. Бұл өз кезегінде «кез келген мемлекеттің негізі – халық!» деген ұстанымды шын мәнінде өмірге келтірудің басты жолдарының бірі.

Соңғы жылдары Қазақстан халқының саяси белсенділігін тудырған бір-неше өзекті мәселе қордаланып тұр. Жолдаудың қоғамдағы саяси ахуалды реттеуге қатысты үлкен бір артықшылығы осы кез келген мәселе бойынша халықтың заң аясында өз еркін білдіру құқығын сақтау.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев Жолдауда ең басты тіл, ұлт аралық келісім және ел бірлігі сияқты маңызды мәселелер бойынша ұсынған ойларының Алаш зиялыларының ұстанымдарымен етене жақындығы байқалып отыр. Ал бұл өз кезегінде еліміздегі барлық мәселелердің ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан шешім табатындығының кепілі.

**Арман ЖҰМАДІЛ,**  
т.ғ.к., доцент,

ҚБТУ қауымдастырылған профессоры

**Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы басылған бағыттарды талқылауға арналған профессор-оқытушылар құрамының отырысы өтті.**

Кафедра ұжымы Президент Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған жаңа жолдауын жылы қабылдап, ел өміріне серпіліс беретін жағымды жаңалықтарға куә болып, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған жолдауы туралы кеңінен әңгіме өрбітіп, өз пікірлерін ортаға салды. Әсіресе, көпшіліктің көкейінде жүрген ұстаз мәртебесінің артуы, жалақының өсуі, жастарға деген мемлекеттік қамқорлық секілді мәселелер қызу талқыланды.

Президенттің Жолдауын насихаттау бағытында аға оқытушы Т.В. Курманова

## Президент Жолдауын ҰСТАЗДАР ТАЛҚЫЛАДЫ

баяндама жасады. Ол биылғы Жолдаудың ерекшелігіне тоқтала отырып, Жолдаудың негізгі бағыттары бұған дейін Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Ұлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруға бағытталғанын, сонымен қатар, білім беру сапасын жақсартуға аса мән берілгенін, келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 пайызға өсетіндігін айтып, Президенттің білім беру сапасын жақсартуға жете мән беруі жөнінде атай отырып, осы жолдаудағы міндеттерді орындау ҚР-дың экономикалық, индустриялық және рухани дамуына үлкен септігін тигізетінін жеткізді.

Аға оқытушы М.А. Азнабакиева Жолдаудың бағыты Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуіне негізделгенін, елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам басуының анықталғанын, Мемлекет

басшысы Жолдауында түрлі мәселелерді, соның ішінде «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» бойынша бірінші кезекте, білім беру сапасын жақсарту мәселесіне тоқталғанын сөз етіп, өз ойымен бөлісті.

Бұдан бөлек, жиын барысында сөз сөйлеушілер жолдауда көрсетілген міндеттер бойынша өз ойларын ортаға салды, сондай-ақ, оның қарапайым халық үшін тиімді жақтарына тоқтала отырып, Президент Жолдауында айтылып кеткен міндеттер мен мақсаттарды ойдағыдай жүзеге асыру, сонымен бірге үлкен жауапкершілік жүктеу екенін де сөзге тиек етті.

Шара соңында кафедраның профессор-оқытушылар құрамы айтылған бағыттардың әрқайсысы аса маңызды болып табылатыны жайлы, Президенттің Жолдауында еліміздің азаматтарына ой саларлықтай біраз ойлар айтылғаны туралы өз ой-пікірлерімен бөлісе отырып,

Президент Жолдауын насихаттап, білім мазмұнын жаңарту бойынша жасалып жатқан реформаларға қолдау көрсететінін жеткізді. Кафедра ұжымы Президентіміздің Жолдауына қолдау білдіріп, өзекті мәселелер ұтымды шешімін тауып, алдағы уақытта ел игілігі үшін оң өзгерістер болатынына сенім білдіріп, Президентіміздің бастамалары мен идеяларын қолдайтынын және Жолдаудағы міндеттерді орындауға үлес қосатынын жеткізді.

**А.Е. САДЕНОВА,**  
Жоғары оқу орнына  
дейінгі білім беру факультеті,  
Шетелдіктердің тілдік және  
жалпы білім беру  
дайындығы кафедрасы

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Алматыдағы жаңа ғимаратында Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күнге арналған халықаралық дөңгелек үстел өтті. Аталмыш шараны Сыртқы істер министрлігінің Алматыдағы өкілдігімен, БҰҰ-ның Қазақстандағы ақпараттық бюросы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесе отырып ұйымдастырған.**



Еске сала кетейік, 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен әлемдегі ең ірі Семей ядролық полигоны жабылды. Бұл күні елбасының бастамасымен БҰҰ Бас ассамблеясының 64-сессиясында Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні ретінде бекітілді. БҰҰ Бас ассамблеясы, БҰҰ-ны, әлем мемлекеттерін, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдарды жер шарындағы ядролық сынақтарды тоқтату үшін күш салуға шақырды. Дөңгелек үстелдің мақсаты – елдің жас ұрпақтарын белсенді тарту арқылы халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогты дамыту. Жиынның алғашқы сөзін БҰҰ-ның Қазақстандағы

өкілі Властимил Самек бастады.

Кейінгі сөз кезегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тұңғыш проректоры Мұхамбетқали Мырзабайұлы Бүркітбаевқа берілді. Дөңгелек үстелде өткізілген шараның нақты мақсаты мен болашаққа құрылған жоспарлары жайлы және ғаламдық проблемалар жайлы өткізіліп тұратын халықаралық шаралар туралы қысқаша видеороликтер мен презентациялар көрсетілді.

Спикерлер қатарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев, БҰҰ Қазақстандағы Глобалды Коммуникация департаментінің өкілі В.Самек, ҚР СІМ өкілдігінің Алматы қаласындағы басшысы Е.У.Искаков, Сыртқы істер Эк-министрі, БҰҰ бірінші және тұрақты өкілі, ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісі, профессор, А.Х.Арыстанбекова, әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ Қауіпсіздік пен ынтымақтастық орталығының директоры, профессор Қ.И. Байзакова.

А.Х.Арыстанбекова ханым көпшіліктің назарына өзі дайындап келген материалын ұсынып, сөз сөйледі. Жасаған баяндамасында ҚР 1996 жылы 30 қыркүйегінде ядролық сынақ алаңының жұмысын тоқтатуы жайлы жарлыққа қол қойылғанын, ядролық сынақ алаңының жабылу тарихына тоқталып, мемлекетіміздің бүгінге дейін жасаған ерен еңбектері хақында да сөз қозғады. Сонымен қатар, дөңгелек үстел тақырыбына байланысты видеоматериалдар ұсынды. Конференция соңында келген қонақтар арасында сауалнама жүргізіліп, студенттер мен жиынға қатысушылар конференция ұйымдастырушыларға өз алғыстарын жаудырды. Алдағы уақытта мұндай шаралар жиі орын алатынын және де БҰҰ мен біздің университетіміз бірлесе отыра біраз конференциялардың жоспарын түзді.

**Баспасөз қызметі**

## КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультетінің үндітану бөлімі оқытушылары ҚР Үндістан Елшілігі және Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығының қолдауымен ұйымдастырылған Үндістандағы Кендрия Хинди Санстхан институтында екі апталық кәсіби біліктілікті арттыру курсының өту мүмкіндігін алды.**

Үндістандағы Агра мен Нью-Дели қалаларындағы Орталық Хинди институтында ақпараттандырылған біліктілікті арттыру курсы өте тиімді, әрі пайдалы өткен. Аталмыш сапарға үндітану бөлімінің оқытушылары Шынар Қанафьева, Айдана Тұрар, Назым Оспан, Меруерт Пернеқұлова барды. Институттың оқыту әдістері мен тәжірибеде қолдану туралы жан-жақты білім мен тиісті ақпараттар алды. Сонымен қатар ҚазҰУ оқытушылары білікті мамандармен жақсы және достық қарым-қатынас орнатқан. Студенттерді оқыту процесі бойынша көптеген жаңа және маңызды ақпараттар алып, курс барысында Өзбекстаннан келген хинди-урду тілдерінің мамандарымен де кездесуге мүмкіндік беріліп, келешекте ынтымақтастықты орнату жоспарланған.

Курс барысында Үндістандағы тарихи және мәдени орындарды таныстырып, Агра, Сикандра бекінісі, Тадж-Махал, Матхурадағы Кришна ғибадатханасы, содан кейін Үндістан астанасы Делиде Кутуб Минар, Ақшардхам, Лотус ғибадатханасы, Джама масжид мешіті сияқты көрнекі жерлерді көруге мүмкіндік жасалған. Арнайы біліктілікті арттыруға барған ұстаздар қауымы келешекте осындай семинарлар мен осы форматтағы курстарды арттырса деген ниеттері мен Қазақстандағы Үндістан Елшілігі мен Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығына өз алғыстарын білдірді.

Өз тілшімізден

**В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошла международная летняя школа по физике высоких энергий и ускорительной технике «Introduction to High Energy and Accelerator Physics». В ее работе приняли участие ученые и эксперты в области ядерной физики из США, РФ, Азербайджана, Армении, Узбекистана.**

Данное мероприятия стало возможным благодаря подписанному в прошлом году международному соглашению между Казахстаном и Европейской организацией по ядерным исследованиям (CERN). По мнению профессора CERN Кристофера Шайфера, это был важный шаг, который открывает большие возможности для молодых ученых Казахстана по взаимодействию. «CERN нуждается в инженерах и поэтому ведет не только исследовательские практические работы, но и занимается образовательно-теоретической деятельностью, участвует в летних школах, проводит семинары и тренинги. Сегодня у нас обучается много студентов КазНУ и их уровень образования может конкурировать со студентами многих ведущих университетов мира».

Летняя школа проводится уже четвертый раз, и в ней участвуют пятьдесят молодых ученых и студентов КазНУ и др. университетов. Ранее она была проведена в Казахстане и России. В этом году она прошла с 26 по 31 августа в г. Алматы. Основная цель обучения, ознакомить студентов направлениями высоких энергий и ядерной физики.

Следует отметить, что молодые ученые из КазНУ обучались в Дубне (РФ) на протяжении 10 лет. Более 200 студентов получили специальность по дублированию образованию.

## ЛЕТНЯЯ ШКОЛА ФИЗИКОВ



Казахстан заинтересован в высококвалифицированных отечественных кадрах. CERN является всемирным научным центром по ядерной физике и его главная цель – изучить устроенность вселенной, показать этапы ее эволюции.

Как отметил профессор КазНУ и заместитель директора Института ядерной физики Насрулла Буркебаев, «проекты CERN сегодня наиболее актуальны для всего мира и с помощью этих новшеств появятся множество новых технологий, которые будут ускоренными темпами внедряться в экономику страны. В рамках подписанного договора между CERN и Казахстаном, ученые разработали дорожную карту, которая в следующем месяце будет рассмотрена в Сенате Парламента РК».

Один из лекторов летней школы профессор Emmanuel Tsessmelis отметил большую значимость проведения летней школы в КазНУ, которая даст еще одну возможность коллаборации между учеными разных стран. «Очень важным моментом в этой школе является то, что

мы можем донести до молодых ученых исследования элементарных частиц в области физики, которые проводятся в CERN. Также хотелось бы воспользоваться этой возможностью для того, чтобы улучшить научные взаимоотношения как с КазНУ, так и с Институтом ядерной физики». Первым шагом в этом направлении было подписание договора между Казахстаном и CERN о научном сотрудничестве.

Как отметили участники, это мероприятие несомненно послужит укреплению интеграционных связей в области науки и техники стран государств-участников СНГ с CERN, повышению имиджа Республики Казахстан в международном научном и образовательном пространствах, а также внесет весомый вклад в подготовку высококвалифицированных кадров новой формации. Летняя школа прошла с 26 по 31 августа.

Соб. корр.

**ҚазҰУ-да Қазақстанның Пугваш комитеті «Экологиялық қауіпсіздік» тақырыбында семинар-дәрісін ұйымдастырды**

Жуырда «Халықаралық Алтай елдері симпозиумының» кезекті VIII жиыны Қырғыз Республикасы Президентінің қолдауымен Бішкек қаласындағы №1 Мемлекеттік резиденцияның «Энесай» сарайында ресми ашылып, Чолпон-Ата, Ыстықкөл жағалауында орналасқан №2 Мемлекеттік резиденцияда жалғасын тапты.



«Халықаралық Алтай елдері симпозиумы» алғаш рет 2011 жылы Ыстамбұл қаласында өткізіліп, тақырыбы Алтай атырабын мекендеген қалың түркі жұртының көші-қоны, олардың ұлыс болып ұйысып, ұлт ретінде қалыптасу тарихына арналса, биылғы кезекті сегізінші жиыны түркі халықтарының малшаруашылығы өркениеті, оның адамзат мәдениетіне қосқан үлесі турасында ғылыми көзқарас, пайымдарды зерделеуге бағытталды.

Симпозиумға Әзербайжан, Жапония, Корея, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей, Түркия, Түркменстан, Үндістаннан 150-ден аса тарих, этнография, лингвистика, философия және т.б. сала мамандары қатысып, үш күндік 30 отырыс аясында құнды ғылыми баяндамалар жасалды.

Аталған симпозиумға Қазақстаннан қатысқан Назарбаев Орталығының аға ғылыми қызметкері, профессор Ғ. Телебаевтың «Атқа міну мәдениеті Орхон-Енисей жазбаларында», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Г. Смағұлованың «Жылқының жасы мен жынысына қатысты атаулар мен тұрақты сөз тіркестері», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті Х. Қарабаеваның «Адольф Янушкевич жазбалары – қазақтың дәстүрлі этношаруашылығы туралы дереккөз», Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры М. Атабаеваның «Қазақтың көшпелі малшаруашылығы кезеңіндегі жерсу аттарының қызметі», Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты М. Сиабекованың «Көшпелі малшаруашылығы дамуындағы халықтық космоимдердің маңызы», Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-

лары-ғалымдары Э. Зұлпыхарова, Қ. Атемованың «Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде мал шаруашылығының алатын орны» баяндамалары шетелдік зерттеушілердің қызығушылығын тудырып, сұрақтар қойылды.

«Халықаралық Алтай елдері симпозиумы» әр жыл сайын түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, өнеріне қатысты нақты бір күрделі тақырып аясын белгілеп, зерттеуші ғалымдарды белгіленген тақырып аясында ізденіске бағыттайтын, ізденіс нәтижелерін жинап, пысықтап, жариялап отыратын халықаралық деңгейдегі ғылыми, шығармашылық ортаға айналып отыр.

«Халықаралық Алтай елдері

симпозиумы» көшпелі сипатқа ие. Жылда симпозиум алаңы ауысып, әр елде, әр қалада өткізіліп тұрады. Бұл тәртіп қатысушыларға Симпозиумды өткізуші тараптың өзіндік ерекшелікке толы ұлттық мәдениетін, өнерін тамашалауға, заманауи келбеті мен тыныс-тіршілігінен хабардар болуға, өткен тарихынан қанық ететін тарихи жәдігерлерді, жазба мұраларды, тарихи, археологиялық ескерткіштерді мұражайлардан көзбен көріп, елдің ұлттық құндылығын бағалауға мүмкіндік беретін қолайлы жүйе. Сол себепті «Халықаралық Алтай елдері симпозиумы» Қазақстанның сан ғасырлық тарихы бар көне мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ғылыми қауымға насихаттауға жол ашатын жақсы орайлардың бірі деп білеміз. Осыған орай қазақстандық делегация өкілдері өзара кеңесе келе, алдағы жылдардың бірінде «Халықаралық Алтай елдері симпозиумын» Қазақстанда өткізу туралы ой-талқы жасап, ұсынысын ұйымдастырушыларға жеткізді. Нәтижесінде ұсыныс Симпозиумның Чолпан-Атадағы қорытынды отырысында қатысушыларға ауызша жарияланып, Резолюцияға енгізілетіндігі хабарланды.

**Ханшайым ҚАРАБАЕВА,**  
қазақ тіл білімі  
кафедрасының доценті

## ҚазҰУ ұстазы – «ҮЗДІК ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары тағы да жетістіктің биік шыңынан көріне білді. Еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтанда ұйымдастырылған Республикалық байқауда ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Нұрсұлу Мәтбек «Үздік ғылым кандидаты-2019» Республикалық байқауының жеңімпазы атанды.



Аталмыш байқау «BILIM – ÖRKERNİRTİ» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын отандық білім беру ұйымдарының кандидаттары арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырған болатын.

Республикалық байқауға еліміздегі орта және арнайы білім ордаларының мұғалімдерімен қатар отандық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары құрамы да қатысты. Байқауда ұстаздардың педагогикалық шеберлігі мен ғылыми жұмысының өзектілігі сарапталды. «Үздік ғылым кандидаты-2019» Республикалық байқауының жеңімпаздарының қатарынан көрінген біздің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы Н.Мәтбек – университетте қызмет етіп келе жатқанына талай жыл болған тәжірибелі ұстаз. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан шетелдік тыңдаушыларға қазақ тілі пәнінен сабақ береді. Өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру мақсатында үнемі ізденіп жүреді.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы жеңімпаздарын әрқашан мақтан тұтады!

**Р. НАРАЛИЕВА,**  
аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих, археология және этнология факультетінің студенттері мен оқытушылары Өскеменде өткен "Алтай– түркі әлемінің алтын бесігі" форумына қатысты.

## ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Ауқымды конференцияға әлемнің 20-дан астам елінен археологтар, түркітанушы ғалымдар жиналды. Форум аясында іс-шараға қатысушылар ежелгі ескерткіштер мен заманауи археологиялық зерттеулер туралы қызықты баяндамалар жасады. Мұнда сақ әйелінің (б.з. д. IV–III ғ.) бейнесін бейнелейтін "Үржар жыры", профессор Әбдеш Төлеубаевтың тапқан Шілікті алтын адамы, Тарбағатай ауданындағы Елек Сазы үстіртінде профессор Зейнолла Самашев тапқан Алтын адам, сондай-ақ ежелгі зергерлік өнер мен металлургияның жауһарлары: тиын, жебелердің ұштары және т. б. ұсынылған олжалардың бірегей экспозициясы ашылды.

Тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Әбдеш Төлеубаев "Ежелгі және ортағасырлық Шілікті аңғары мен Тарбағатай бөктеріндегі ескерткіштер" жобасын жүзеге асыру қорытындысы тақырыбында баяндама жасады.

Форум соңында ҚазҰУ делегациясы "Ақ бауыр" бірегей тарихи-археологиялық табиғат ескерткішіне барды. "Ақ бауыр" ежелгі заманда күн мен жұлдыздардың орналасу орнын, күн мен түннің теңесу нүктелерін анықтау үшін бақылау жүргізілген орын болған деген болжам бар.

**Тарих, археология және этнология факультеті**



**На факультете истории, археологии и этнологии прошла лидерская лекция профессора Виктора Зайберта «Ботай – начало степной цивилизации»**



# СОТРУДНИЧЕСТВО НАУЧНЫХ ШКОЛ

**Полагаем, не ошибемся относительно тезиса о том, что сотрудничество научных школ в области механики жидкости, газа и плазмы получило наибольшее развитие с момента знакомства двух крупнейших ученых из Кыргызстана и Казахстана: доктора физико-математических наук, профессора, члена-корреспондента НАН КР, заслуженного деятеля науки КР Бийбосунова Ильяса Бийбосунвича и доктора технических наук, профессора, академика НАН РК, заслуженного деятеля науки РК Ершина Шахбаза Алимгиревича.**



Их первое очное знакомство состоялось в конце семидесятых годов на одном из Всесоюзных съездов по теоретической и прикладной механике, где оба выступали с докладами по проблемам математической и теоретической физики. Последующие встречи на многочисленных научных конференциях, семинарах, общие друзья, среди которых выделяем академика АН СССР Г.Г. Черного, академика РАН В.В. Сидорова, академика РАН В.А. Левина и множество других, укрепили их дружбу и позволили создать платформу для дальнейшего развития и укрепления научных связей. С тех пор сотрудничество ученых-механиков Кыргызстана и Казахстана не прерывается и успешно развивается.

Также, после обретения нашими республиками независимости важным интеграционным механизмом научных связей являются диссертационные и специализированные советы двух республик.

Многие годы Ш.А. Ершин являлся председателем, а И.Б. Бийбосунов членом специализированного совета по защите диссертаций при КазГУ им. аль-Фараби в области механики жидкости, газа и

плазмы. За это время удалось подготовить высококвалифицированные кадры (докторов и кандидатов наук), которые сегодня составляют костяк науки.

Существует немало примеров успешной защиты диссертаций на соискание ученых степеней по специальности «Механика жидкости, газа и плазмы» на специализированном совете при Казахском национальном университете им. аль-Фараби. Все они ярко демонстрируют интерес казахстанских ученых и специалистов, в частности к актуальным проблемам физики атмосферы, течений многофазных сред, формирования, создания механико-математических моделей прогнозов образования и схождения оползней и селевых потоков в горных регионах, которыми в последние годы занимались ученые-механики Кыргызстана.

И в тоже, время не менее большой интерес кыргызских ученых к вопросам, где школа академика НАН РК Ш.А. Ершина традиционно сильна и авторитетна: исследования переходов ламинарных течений несжимаемой и сжимаемой жидкости в турбулентное, гидродинамике сложных жидкостей

в нефти и газопроводах, проблемам турбулентного смешения и горения водорода в сверхзвуковых и гиперзвуковых воздушных потоках.

В заключение хотелось бы отметить, что далеко не во всех отраслях науки сложилось высокоэффективное плодотворное научное сотрудничество. Оно возможно во многом благодаря личностям, настоящим научным лидерам, содействию руководства и трудового коллектива КазГУ им. С.М. Кирова, а в настоящее время КазНУ им. аль-Фараби. В год юбилея университета перед нашими коллегами стоит немало задач по формированию молодых высококвалифицированных кадров, дальнейшему укреплению научно-педагогических связей во благо процветания наших республик.

**А.БИЙБОСУНОВ,**  
д.ф.-м. наук, профессор, ген. директор  
ОсОО «Газпром проектирование  
Кыргызстан»,

**Р. ТАБЫШОВ,**  
заслуженный работник образования  
КР, к. ф.-м. наук, профессор, Бишкек.

**Биология және биотехнология факультетінде биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор, Қазақстанның Жоғары Мектеп ҰҒА академигі Төлеуханов Сұлтан «Биобірғақ және денсаулық» атты тақырыпқа лидерлік дәріс өткізді.**

## БИОЫРҒАҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

Биылғы жылы университет тарихында алғаш рет «Биомедицина» мамандығы бойынша студенттерді қабылдау жүзеге асырылып, барлығы 76 студент қабылданды. Оның ішінде 30 студент Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан сынды шет елден келгендер.

«Биологиялық ырғақ пен денсаулық» атты дәрісі барысында хронобиология мен хрономедицинаның жетістіктері талқыланып, адам өміріндегі биологиялық ырғақтардың рөлі және адам денсаулығын сақтау мен қалпына келтіру мәселесі қаралды. Тірі жүйелер үшін денсаулықтан басқа артық жоғарғы түсінік жоқ. Аталмыш бағыт университеттің биофизика және биомедицина кафедрасының базасында алғаш рет жасалған. Кафедра Дрексель университеті (Филадельфия, США), Бен-Гуриона университеті (Израиль), М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университет, Халықтар Достығы университеті және Томск сынды басқа да университеттермен тығыз байланыс орнатып, бірлесіп жұмыстар атқарады.

**Биофизика және биомедицина кафедрасы**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультетінің жапонтану бөлімі оқытушысы Ерлан Абдиұлы Ахапов халықаралық Жапон Қоры Жапон Тілі Институтының шақыруымен ХХІ ғасыр дағдылары атты үш апталық кәсіби біліктілікті арттыруға бағытталған арнайы тренингтен өту мүмкіндігін алды.**

Халықаралық Жапон Қоры (The Japan Foundation) жыл сайын арнайы бағдарламалары арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен үздік жапон тілі мамандарын және Жапонияны зерттеумен айналысатын жетекші зерттеуші мамандарға гранттар бөліп, тренинг бағдарламаларға шақырып отырады.

Шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімі доцент м.а. Ph.D. Ерлан Ахапов Халықаралық Жапон Қоры Урава Жапон Тілі Институтының (Japanese-language Institute Urawa)

# Маңызды тренинг



2019-2020 жылы шетелдік жапон тілі мамандарына арналған арнайы бағдарлама ХХІ ғасыр дағдыларына (2019-2020 Training program for Teachers of Japanese language on a specific Theme 1: 21

Century skills) қатысып қайтты.

ХХІ ғасыр дағдылары-ХХІ ғасырда талап етілетін, яғни саңдық ғасырдағы АТС21 халықаралық ұйымы талап ететін сауаттылық. Кейде ХХІ ғасырдың қабілеті

немесе дағдылары деп аталады. Төртінші индустриалды революция қарсаңында цифрлық қоғамға бейімделу үшін дайындық кезінде студенттердің игеруі қажет дағдыларды да қамтиды. Әсіресе, келесі тәсілдерді: ойлау, жұмыс, қоғамдық өмірде бейімделу тәрізді дағдыларды жетілдіруге бағытталған. Мысалы, ойлау тәсілінің сыни тұрғыдан ойлау, мәселені шешу, шешім қабылдау, жұмыс тәсіліне қатысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша сауаттылықты игеру, өмір және мансаптық дизайнды құрыстыра білуі, жеке адамдар мен қоғамдағы жауапкершілік (мәдениетті мойындау және жауап беру) және коммуникация құралдарын қолдана алуын жатқызады.

Бағдарлама барысында ХХІ ғасыр дағдыларын игеруге бағытталған заманауи интерактивті оқыту әдіс-тәсілдеріне қатысты жаттығулар мен тренингтер өткізіліп, осы саладағы алдыңғы тәжірибелері бар мамандардың практикалық сабақтарымен олардың жетістіктері таныстырылды. Тағылым-дама нәтижесінде ұйымдастырушы тарапынан барлық қатысушыларға бітіру сертификаты тапсырылды.

**Шығыстану факультеті**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №1353

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.